

ӘОЖ 347.235.16

Ж.Д. Ергозова

I. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университеті, магистр, Қазақстан, Талдықорған қ.
E-mail: zhannusik@mail.ru

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруде жер құқық қатынастарының маңызы

Ғылыми жұмыстың мақсаты ауыл шаруашылығы тауарын өндіру саласындағы мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәнін ашып, талдау болып табылады. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін ауылшаруашылығы тауарын өндіру саласындағы жер қатынастарын мемлекеттік-құқықтық реттеуде көптеген міндеттерді алға қояды. **Түйін сөздер:** мемлекеттік басқару, мемлекеттік реттеу, ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, экономикалық міндеттер.

Ж.Д. Ергозова

Значение земельно-правовых отношений в переработке сельскохозяйственной продукции

Целями научной работы в области сельскохозяйственного товара являются раскрытие смысла и анализ государственно-правового контроля.

Для достижения целей в производстве сельскохозяйственных товаров государственно-правовой контроль ставит определенные задачи.

Ключевые слова: государственное управление, государственный контроль, сельское хозяйство, безопасность продукции, экономические задачи.

J.D. Ergozova

Value of land and legal relations in the processing of agricultural products

The aims of the advanced study in area of agricultural commodity, opening of sense and analysis of государственно are – legal control.

For the achievement of aims in the production of agricultural commodities state – legal control puts such tasks.

Key words: state administration, state control, agriculture, safety of products, economic tasks.

Қазақстан Республикасы Кеңес дәуірінде аграрлық және шикізат өндіруші мемлекет ретінде танылған еді. Тәуелсіздік алып, егемендікке қол жеткізгеннен кейін пайдалы қазбаларымыз бен кен орындарымызды игеріп, әлемдегі бай мемлекеттердің біріне айналып отырмыз. Дегенмен, еліміздің экономикасының негізі ауыл шаруашылығы екені белгілі. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін Президентіміз өткен 2003-2005 жылдарды ауыл жылы деп жариялады. Ондағы басты мақсат – ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту арқылы ауылдарды көркейту. Халықтың басым бөлігі ауылды жерлерде тұратын болғандықтан және ауыл ұлттық мәдениет пен дәстүрдің ошағы

болғандықтан елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени әл-ауқатын ауылдарды дамыту арқылы жүзеге асыру қажет екенін экономистер де, заңгерлер де қала берді кез-келген саналы азамат жете түсінеді. Елімізде жүргізіліп жатқан көптеген жер реформалары да осы ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған еді.

Бүгінгі күні дүниежүзінде өзекті мәселелердің бірі азық-түлік қауіпсіздігі болып отыр. Азық-түлік мәселесі, оған деген сұраныстың артуы мен шарықтаған бағаны құқықтық тұрғыдан реттеу – мемлекеттің басты мақсаты.

Қандай да мемлекет болмасын, оның экономикасының әртүрлі салаларының дамуы бірімен-бірі тығыз байланысты болады.

Қазақстанда азық-түлік бағасының көтерілуі мен оған деген сұраныстың артуын энергия көздеріне деген сұраныспен байланыстырады. Бұл – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсер етіп отырған сыртқы факторлар.

Азық-түлік аясында қалыптасып отырған өзекті мәселелерге арқау болып отырған ішкі факторлар да бар екенін ұмытпауымыз керек.

Әрине, кез-келген мемлекеттің экономикасын, әлеуметтік жағдайы мен саясатын жүзеге асырушы құрал заң болып табылады. Қабылданған заң қоғамдық қатынастарды реттеп қана қоймай, оның дамуына ықпал етуі тиіс. Егер қабылданған заң сан қырлы қоғамдық қатынастардың дамуына ықпал ете алмаса, мұндай заңдарды жетілдіру қажет.

2003 жылы қабылданған Жер кодексі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жекеменшік құқығын белгілеп берді. Көпшіліктің наразылығына қарамастан қабылданған бұл құжат позитивті нәтиже күттірген еді. Алайда барлығы да біз ойлағандай болған жоқ. Мемлекетіміздің басты саясаты аграрлық салада ірі жер иеленушілерді қалыптастыра отырып, ауылды жерлерде жұмыс орнын ашып, ірі салық төлеушілердің санын көбейту және бәсекеге қабілетті өнім өндіруді көздеген еді. Неге екені белгісіз, бұл идея жүзеге асырылмады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке берудің ұтымды тұстары да бар еді. Жер учаскесі және оған деген құқықтар тауар кейпіне еніп, оларға заттық құқық ережелері қолданылатын болды. Ең бастысы, жер нарығы қалыптасты. Жерге деген Ожаппай сұраныстар артты. Бірақ бұл не қылған сұраныстар? Қазақстанның барлық азаматтары шын мәнісінде ауыл шаруашылығымен айналысуға ниет білдіріп отыр ма? Жоқ, әлде оның артында алып-сатарлық негізінде пайда табуды көздейтін жеке бастың қамы тұр ма? – деген сұрақ туындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы кезекті Жолдауында «Ауылды жерлерде шарттық-контрактілік қатынастарды дамыту қажет» деп еді. Президенттің бұл сөзі ауылды жерлерде құқықтық сананы арттыру қажет екендігін меңзеп тұр. Кез-келген экономикалық қатынастардың мүліктік сипаты мен материалдық негізі болғандықтан, олар азаматтық құқықтық қатынастар қатарына жатады. Ал азаматтардың өздерінің азаматтық

құқықтары мен міндеттерін білмеуі экономиканы жетік меңгеріп, көздеген табысқа жетуіне кері әсерін тигізеді. Субъектілер арасындағы қатынастар шиеленісіп, құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіріп, экономиканың дамуы тежеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабының 2-тармағында: «меншік міндет жүктейді және оны пайдалану қоғам игілігіне қызмет етуі тиіс», – делінген [1, 5 б.]. Жер учаскесі меншік объектісі болғанымен оның құқықтық жағдайы өзге заттардан анағұрлым күрделі. Себебі жер – материалдық игілік қана емес, сонымен қатар өндіріс құралы, өмір сүру ортасы, тіршілік көзі, мемлекеттің біртұтастығын қамтитын территориялық кеңістік, ұлт байлығы.

Жекеменшікке берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тұлғаға құқықтар беріп қана қоймайды, сонымен қатар үлкен міндеттер жүктейді. Жер пайдаланушылардың міндеттері Жер кодексінде де көзделген. Бұл міндеттерді екіге бөліп қарастыруға болады: біріншісі, экологиялық міндеттер, екіншісі, экономикалық міндеттер.

Экологиялық міндеттерге жерді мақсатты пайдалану, оның құнарлылығын арттыру, бүлінуіне, сортандануына жол бермеу, жер заңдарында көзделген, т.б. талаптар. Яғни, жердің сапасын төмендетпеуге байланысты экологиялық міндеттер.

Меншік иесінің өзінің меншігіндігі мүлікті күтіп ұстауы жөніндегі міндеттері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде де қарастырылған. Кодекстің 189-бабының 1-тармағында меншік иесінің, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне тиесілі мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын көтереді және біржақты тәртіппен мұндай ауыртпалықты үшінші жаққа ауыстыра алмайтындығы айтылған [2, 61 б.].

Ал экономикалық міндеттерге жерді тиімді және ұтымды пайдалануға байланысты міндеттер жатады. Себебі жер учаскесі меншік иесіне ғана емес, сонымен қатар қоғамға қызмет етуі тиіс. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тұлғаларға ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін және нарықты қажетті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін беріледі. Олай дейтініміз, жер учаскесі ауыл шаруашылығын жүргізу үшін шаруа (фермер) қожалықтары мен заңды тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығын

жүргізу үшін ғана бөлінеді. Демек, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер аграрлық кәсіпкерлік қызмет болғанымен, оның артында тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру мәселесі тұр.

Сондықтан Жер кодексінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жекеменшікке шаруа (фермер) қожалықтары мен заңды тұлғаларға тауарлы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін «кәсіпкерлік мақсатта» ғана берілетіндігінің көрсетілуі дұрыс болар еді. Мұндай жағдайда ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігімен айналысуға ниеті жоқ тұлғаларға жер бөлуге тыйым салынар еді.

Бұдан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жекеменшікке мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер өнімдеріне деген қажеттігін қанағаттандыру үшін берілетіндігіне көз жеткіземіз.

Жалпы, мемлекеттің экономикасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, аграрлық кәсіпкерлікті, аграрлық секторды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерсіз сөз ету мүмкін емес. Бұл салада үлкен нәтижелерге жету үшін жер құқықтық қатынастарды жете зерттеп қана қоймай, оны ұтымды жүзеге асырудың тетіктерін құқықтық қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер халық шаруашылығына толық қызмет етіп келеді деп айта алмаймыз. Себебі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жекеменшікке берілгенімен, мемлекет тарапынан қолдау болмаса оның дамуы екіталай. Кез-келген мемлекетте ауыл шаруашылығы экономиканың тәуекелді саласына жатады. Дұрыс өнім өндіріп, жинау көптеген факторларға тәуелді болып келеді. Олар нарықтың тұрақсыздығы, өнім өндірудің табиғат

жағдайларына тәуелділігі, жыл маусымына тәуелділігі және азық-түлік өнімдерінің тез бұзылуына оны ұқсатуға байланысты тәуекел.

Бірақ ауыл шаруашылығын жүргізуге құлқы жоқ жер иеленушілер де көптеп кездеседі. Кезінде ауыл шаруашылығы өнімдері жайқалып тұрған алқаптардың басым бөлігі бүгінгі таңда қараусыз, бос жатқан жерлерге ұқсайды. Әрине, қазіргі кезде құнарлы бос жатқан жер жоқ. Дегенмен кезінде жекешелендіру, меншіктену деген ұранмен оңды, солды жекешелендірілген жерлердің меншік иесіне ғана емес, сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуін қамтамасыз етуіміз қажет. Олай болмаған кезде мұндай пайдаланусыз жатқан жерлерді тиімді және ұтымды пайдалану үшін ауыл шаруашылығын жүргізуге мүдделі тұлғаларға қайта бөлу жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген қажеттігін қамтамасыз ету үшін қайта жерге орналастыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Мемлекет тарапынан мониторинг жүргізіліп, тиісті шаралар қолданылуы керек.

Жер кодексінің 92-бабында жер пайдаланушы екі жыл бойы жер учаскесін мақсатты пайдаланбаса одан жер учаскесі алынып қойылады делінген [3, 616]. Егер жер иеленушілерге олардың құқықтарымен қатар міндеттерін түсіндіретін болсақ, мұндай бейқамдыққа жол берілмес еді.

Жер учаскесін меншігінде сақтап қалу мақсатында ғана көз бояушылық жасап көпжылдық екпелер егіп, бірақ оларды қараусыз қалдырып отырған шаруашылықтар да бар. Мұндай шаруашылықтардың барлығын анықтап, жер заңдарында көзделген игі шараларды жүргізуге ынталандыру немесе ынталы шаруашылыққа қайта бөлу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. – Алматы: Юрист, 2007.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері) – Алматы: Юрист, 2007. – 292 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Алматы: Юрист, 2007. – 104 б.

References

- 1 Constitution of the Republic of Kazakhstan was adopted by national referendum 30 August 1995. \ IP «Paragraph»
- 2 Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General and Special Part) - Almaty: LAWYER, 2007.-292 p.
- 3 Land Code of the Republic of Kazakhstan. - Almaty: LAWYER, 2007.-104 p.